

ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"ОБЛЫСТЫҚ ДАРЫНДЫ
БАЛАЛАРДЫ АНЫҚТАУ
ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЛАСТНОЙ
ЦЕНТР ПО ВЫЯВЛЕНИЮ
И ПОДДЕРЖКЕ
ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ»
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161200, Түркістан қаласы,
e-mail: reception@turandaryn.edu.kz

161200, город Туркестан,
e-mail: reception@turandaryn.edu.kz

26.11.24 № 2-2/450

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Мамандандырылған білім беру
ұйымдарының директорларына

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылы 6 қыркүйектегі №258 бұйрығына сәйкес, «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының» (бұдан әрі - Конкурс) облыстық кезеңінің I туры – жобаларды қорғау а.ж 28-29 қараша күндері Кентау қаласы, Құралбаев 83, «Әл-Фараби атындағы №14 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өтілетінін хабарлайды.

28 қараша күні:

I бағыт «Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде» - секциялар: физика, техника, Жер және ғарыш туралы ғылым;

IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар» - секциялар: тарих, өлкетану, этномәдениеттану, тіл білімі, адам және қоғам, әдебиет;

29 қараша күні:

II бағыт «Экономикалық және әлеуметтік үрдістерді математикалық модельдеу» - секциялар: математика, Қолданбалы математика, информатика, экономика;

III бағыт «Салауатты табиғи орта «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асырудың негізі» - секциялар: химия, биология, қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы.

Конкурстың облыстық кезеңінде жол бойында және оны өткізу кезінде аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары мен мамандандырылған білім беру ұйымдарының директорлары қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты жектекшілерді бұйрықпен тағайындап, жол патруль полициясы қызметінің кезекшілігінің сүйемелдеуін ұйымдастыру қажет.

Фото, бейне түсірілім және жеке деректерді өңдеу бойынша
КЕЛІСІМ

_____ қ.
« ____ » _____ 2024 жыл

Мен, _____ (Ата-анасының немесе заңды өкілінің аты-жөні) қайтарымсыз фото және бейне түсірілімге, сондай-ақ фото және бейне материалдарды пайдалануға өз келісімімді беремін _____ (Баланың аты-жөні), тек келесі мақсаттар бойынша:

- 1) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінің онлайн бейне көрсетіліміне;
- 2) интернет-ресурстарда материалдарды орналастыруға.

Мен фонның сапасын жақсарту және өзгерту үшін фото және бейне материалдарды өңдеуге болатындығы туралы хабардар болдым.

Бұл келісім менің жазбаша өтінішім бойынша кез-келген сәтте кері қайтарып алынуы мүмкін.

Мен осындай келісім бере отырып, өз еркіммен және өз мүдделеріммен әрекет ететінімді растаймын.

(Қолы)

(Қолтаңбаны толық жазу)

(күні)

Конкурсқа қатысатын оқушылар: мектеп формасымен, ата-анасының немесе заңды өкілінің (фото, бейне түсірілімге КЕЛІСІМІ) болуы міндетті.

Ескерту: Мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін - IV бағыттың, оның ішіндегі Тіл білімі (ағылшын тілі) секциясы бойынша қатысушылар санының көптігіне байланысты, мамандандырылған білім беру ұйымдарының қатысушылары 29-қараша күні қорғайды.

Қосымша: 29 парақ. (Фото, бейне түсірілімге КЕЛІСІМІ мен Облыстық кезеңінің I турдың жобалар мен қатысушылар тізімі қоса тіркелді)

Директор м.а



К. Нуржанова

Орындаған: М.Байтуганов
Тел: 87014561626